



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ү К І М

2026 жылғы 5 мамыр

№ 7511-26-00-1/292 іс

Алматы қаласы

Алматы қаласының Алмалы аудандық соты құрамында төрағалық етуші судья Қ.Д.Дарханова, хатшылыққа А.С. Сарманбетовты ала отырып мемлекеттік айыптаушы - Алмалы аудандық прокуратурасының прокуроры А.Төлеуғалиевтің, жәбірленуші Қ.А.Қадырдың, сотталушы А.А.Сағынбектің қорғаушы- адвокат Б.Ж.Кишкенебаевтың қатысуларымен сот ғимаратында, ашық сот отырысында, жалпы тәртіпте, қылмыстық істі видео-конференция байланысын қолданумен қарады, ол бойынша: Сағынбек Абзал Асқарұлы, 15 наурыз 2002 жылы Түркістан облысы Мақтарал ауданында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, білімі орта, жұмыс істемейді, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 4 курс студенті, некеде жоқ, бұрын сотталмаған, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Гагарина көшесі 143/19 үй, айыптау актісінің көшірмесін алған, сотқа Қазақстан Республикасы ҚК-нің 293-бабы 3-бөлігімен берілген.

### **СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2 ақпан 2026 жылы сағат 03.00 шамасында сотталушы А.А.Сағынбек Алматы қаласы Жұмалиев көшесі 144 үйдің ауласында бола тұра, жәбірленуші К.А.Қадырмен араларында болған жеке бас араздықтан туындаған ерегеспен, жәбірленушінің денсаулығына қасақана жарақат түсіру мақсатында, тергеумен анықталмаған өткір затпен оның оң жақ кеуде тұсы мен арқа және бауыр аймақтарына дене жарақаттарын келтірген, сойтіп сотталушы А.А.Сағынбек қасақана жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірген.

### **УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Сот мәжілісінде сотталушы А.Сағынбек өз кінәсін толық мойындап, оқиға болған түні жәбірленуші Қадыр Кенжехан оған ұялы телефон арқылы қоңырау шалып, оған деген ренішін жеткізіп, сөйлесу үшін келетінін



айтқанын. Ол келісіп, бірақ бірнеше минуттан кейін жәбірленушіге қайта хабарласып, әңгімені ертеңіне күндізге шегеруді сұрағанын. Алайда, жәбірленуші Кенжехан сағат 03.00 шамасында оның пәтерінің ауласына келіп тұрғанын айтып, аулаға шығуын талап еткенін. Сондықтан ол достары Арман, Темірхан, Мадиярмен бірге аулаға шыққандарын. Кенжеханның қасында да достары болғанын. Содан барлығы бір бірімен амандасып, біраз әңгімелескендерін, себебі барлығы бір оқу орнында оқып, жақсы танытындарын. Содан кейін Кенжехан екеуі шетке қарай жеке сөйлесу үшін кеткендерін. Сөйлесу барысында Кенжехан оған өз ренішін айтып, жаман сөздермен балағаттай бастағанын, оның бұл әрекетіне намыстанып, ашумен, автокөліктің кілтін қалтасынан шығарып, жәбірленушіге дене жарақаттарын келтіргенін. Біраз алшақтықта тұрған екеуінің достары Кенжеханның айқайлап, жерге отырғанын көріп, жүгіріп келіп, жедел жәрдем шақырғандарын айтып көрсетті. /27 сәуір 2026 жылы сағат 15.27 сұралды/

Сотталушы А.Сағынбектің кінәсін мойындап жауап беріп отырғанымен қатар, сотталушының қылмыстық кінәсі төменде аталған дәлелдемелермен бекітіледі.

Жәбірленуші К.Қадыр сотқа ол 1 ақпан 2026 жылы сағат 23.30 шамасында достары Нұрдаулет, Бағдаулет, Нұрасылдармен бірге Алматы қаласы Абай даңғылы бойында орналасқан моншаға барып, сыра ішіп, көңіл көтергендерін. Моншадан шығып, үйлеріне қайтып бара жатқан сәтте, Нұрдаулет сотталушы Сағынбек Абзалдың бір таныстарына әлімжеттік көрсеткенін айтқанын. Бұл сотталушының іс-әрекеті дұрыс емес болғандықтан, олар өзара ақылдасып, оның ұялы телефонына хабарласқанын. Сөйлесу барысында сотталушы А.Сағынбектің қайда тұрғанын естіп, оған сөйлесетін әңгіме бар екенін айтып, Нұрасыл, Шәмші, егіздерді ертіп Абзалдың тұратын үйінің ауласына барғандарын. Ол жерге Абзал өзінің достарымен бірге шыққанын. Олар бір бірін бұрыннан танытын болғандықтан, амандасып, біраз әңгімелескендерін. Содан кейін ол Абзалмен жеке сөйлесу үшін бөлек кетіп, сол жерде Абзалдан неліктен ол оны ортақ таныстарына жамандап жүргенін сұрағанын. Сотталушы А.Сағынбек болса жамандамағанын айтып, оң қолымен оның қара түсті күртешесінің артынан ұстап, сол қолымен оның оң иығынан, оң қабырға астынан, оң бүйрегінің үстінен ақ түсті пышақпен жарақат келтіргенін, содан аурухағаға жеткізілгенін, сотталушы А.Сағынбекті кешірмейтінін айтып, қатаң жазалауды соттан сұрады./27 сәуір 2026 жылы сағат 15.38 де сұралды/

Куә А.Дүйсембаев сотқа сотталушы Сағынбек Абзал екеуі бір пәтерде тұрғандарын. Оқиға болған түні Абзал оған Жүргенов атындағы академияда бірге оқитын жәбірленуші Қадыр Кенжеханның әңгімелесу үшін келетінін айтқанын. Содан ол, Оспан Темірхан, Токтарбаев Мадияр және сотталушы Сағынбек Абзал төртеуі, өздері тұратын үйдің ауласында тұрғанда, Кенжехан достарымен, яғни Айтмаханбет Б., Айтмаханбет Н., Ш.Орынбасар, Н.Б.Қуандықов бесеуі келіп, бәрі бір бірімен амандасып, ешқандай ерегессіз, шу дамайсыз сөйлескендерін. Содан Абзал мен Кенжехан сөйлесу үшін олардың қасынан жеке кетіп, біршама қашықтықта өзара тыныш сөйлесіп



тұрғандарын. Бір уақытта Кенжеханның дауысын естіп, жерге құлағанын көріп, олар қастарына жүгіріп барғандарын. Сол кезде Кенжеханның үстінен қан көріп, жедел жәрдем шақырғандарын айтып көрсетті./ 30 сәуір 2026 жылы сағат 15.45 те сұралды/

Сот мәжілісінде куә М.Т.Токтарбаев куә А.Дүйсембаевқа ұқсас жауап беріп, жәбірленуші К.Қадыр мас күйінде келіп, сотталушы А.Сағынбекке өкпесі бар екенін айтып, екеуі араларындағы шешілмеген мәселені шешу үшін бөлек сөйлесуге кеткендерін, айқай шу төбелес болмағанын, тек Кенжехан құлаған кезде, қастарына жүгіріп барғанын. Кенжехан оларға пышақталдым деп айтқанын, алайда сотталушының қолында ешқандай пышақ көрмегенін айтып көрсетті /30 сәуір 2026 жылы, сағат 16.23 те сұралды/.

Сот мәжілісінде куә Т.И.Оспан куә А.Дүйсембаевқа ұқсас жауап беріп, сол оқиға болған уақытта ешкім төбелеспегенін, айқай шу болмағанын, тек жәбірленуші Кенжеханның ұсынысымен сотталушы Абзал араларындағы келіспеушілікті шешу үшін бөлек кеткендерін, екі үш минутта Кенжеханның құлағанын байқап қалып, қасына жүгіріп барып, оның денесінен қан аққанын көргенін, сотталушының қолынан пышақ байқамағанын айтып көрсетті. /30 сәуір 2026 жылы сағат 16.47 сағатта сұралды/

Сот мәжілісінде куә Н.С.Айтмаханбет сотқа келесідей жауап берді. Оқиға болған түні ол, егізі, Кенжехан, Нұрасыл бес бала болып сотталушы А.Сағынбектің тұратын үйіне сөйлесуге барғандарын, себебі Абзал Елхан деген жігітке қысым көрсетіп жүр деп естігендерін. Алдын ала баратындарын Абзалға Кенжехан ұялы телефон арқылы хабарлап айтқанын. Содан ол жерге барған соң, Кенжехан мен Абзал олардан біраз шетке шығып сөйлескендерін, қалғандары жәй әңгіме айтып тұрғандарын. Бірнеше минуттан кейін Кенжеханның айқайлаған дауысын естіп, қастарына жүгіріп барып, оның үстінен қан байқағандарын, сотталушының қолында ақ түсті пышақ болғанын айтып көрсетті /30 сәуір 2026 жылы сағат 16.36 сұралды/.

Сот мәжілісінде куә Н.Б.Қуандыков, куә Н.С.Айтмаханбетке ұқсас жауап беріп, Кенжехан құлаған кезде қасына жүгіріп барғанда, ол пышақ кірді деп айтқанын, ешқандай айқай шу болмағанын, Абзал Кенжеханның қасында тұрғанын, ештеме жасамағанын, тек ешкімге айтпа деп айтқанын айтып көрсетті./30 сәуір 2026 жылы сағат 16.54 сұралды/

Ш.О.Орынбасар куә Н.С.Айтмаханбетке ұқсас жауап беріп, жәбірленуші Кенжебек, ол, егіздер және Нұрасыл бесеуі сол күні концертке барғандарын. Содан Кенжехан оған хабарласып, Абзалмен ерегестім, сөйлесеміз, сол жаққа кел деп шақырғанын. Ол жерде ешқандай айқай шу төбелес болмағанын, тек Абзал мен Кенжебек араларындағы кикілжінді шешу үшін бөлек сөйлесуге кеткендерін, артынан Кенжеханның құлағанын көріп, қастарына жүгіріп барғанда, оның пышақталғанын көріп, жедел жәрдем шақырғанын айтып көрсетті. /30 сәуір 2026 жылы сағат 17.09 сағатта сұралды.

13.02.2026 жылғы №2516 сот-медициналық сараптамасының қорытындысына сәйкес жәбірленуші К.А.Қадырдан келесі дене жарақаттары анықталған: көптік шаншып-кесілген жаралар анықталған, яғни оң жақ жауырынның төменгі бөлігі аймағында, оң жақ кеуде қуысының 7-қабырға



аралық деңгейінде қолтық сызығы бойында, оң жақ бел аймағында, оң жақ мықын аймағында, сондай-ақ оң жақ иықтың жоғары үштен бір бөлігі аймағында шаншып кесілген жара. Аталған жарақаттар шаншып кесетін қасиеті бар заттың әсерінен келтірілген, ұсынылған медициналық құжаттарда көрсетілген мерзімде пайда болуы мүмкін және жиынтығында денсаулықтың қысқа мерзімді бұзылуына әкелуі белгі бойынша денсаулыққа жеңіл зиян ретінде бағаланады.

Сотқа дейінгі тергеу органымен сотталушы А.Сағынбекке бұзақылық, яғни қоғамдық тәртіпті қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, пышақ немесе сол секілді өткір затты қолданып, азаматтарға күш қолданумен дене жарақатын келтірген, ҚР ҚК-нің 293-бабы 3-бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деген айып тағылып, осы баппен сотқа берілген.

Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы N 3 Нормативтік қаулысының 3 тармағына сәйкес, адамның ниетінің, себебінің, мақсатының мазмұны мен бағытына және ол жасаған әрекеттердің мән-жайларына байланысты бұзақылықты басқа қылмыстардан, оның ішінде бұзақылық ниетпен жасалған қылмыстардан ажырату керек. Жеке бас араздығының, жәбірленушілердің теріс әрекеттерінің салдарынан отбасында, туыстарға, таныстарға қатысты кемсіту, ұрып-соғу, денсаулыққа зиян келтіру және осыған ұқсас басқа әрекеттер жасау ҚК-нің жеке басқа қарсы қылмыстар үшін жауаптылықты көздейтін баптары бойынша саралануы тиіс. Айыптының әрекеттері бір мезгілде қоғамдық тәртіпті көрінеу өрескел бұзумен және қоғамды көрінеу құрметтемеумен ұштасқан жағдайларда мұндай әрекеттер бұзақылық ретінде саралануы керек.

Сотқа дейінгі тергеуде және сот мәжілісінде анықталғандай, жәбірленуші К.Қадыр түннің ішінде, сотталушы А.Сағынбекке өзі хабарласып, оған ренішін білдіріп, спирттік ішімдік ішкен мас күйінде, сөйлесу үшін келеді. Екеуі сотталушы А.Сағынбектің тұрып жатқан үйдің ауласында жеке сөйлесіп, араларындағы келіспеушілікті шешу барысында, сотталушы А.Сағынбек қолындағы тергеумен анықталмаған өткір затпен жәбірленуші К.Қадырдың денесінің бірнеше жеріне жарақаттар келтіріп, бұл жарақаттар сот медициналық сараптама қорытындысына сәйкес денсаулыққа келтірілген жеңіл дәрежедегі зиян болып сараланған.

Демек, сотталушы А.Сағынбек жәбірленуші К.Қадырға араларында орын алған жеке бас араздықтың салдарынан дене жарақатын келтірген.

Жоғарыда көрсетілген Нормативтік қаулының 2 тармағына сәйкес Азаматтарға күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздығымен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан, қоғамды көрінеу құрметтемеуді білдіретін қоғамдық тәртіпті бұзу қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық болып танылуы мүмкін. Қоғамдық тәртіпті ұзақ және қасарыса ұдайы бұзу, көпшілік шараларға кедергі келтіру, кәсіпорынның, ұйымының, мекеменің немесе қоғамдық көліктің қалыпты жұмысын уақытша тоқтату осындай



әрекеттерге жатқызылуы мүмкін. Айналасындағы адамдарға өзін қарсы қою, оларды менсінбейтінін көрсету ниетінен туындаған, мінез-құлықтың жалпыға ортақ нормалары мен ережелерін әдейі бұзуды қоғамды көрінеу құрметтемеу деп түсіну керек. Қоғамдық тәртіпті бұзушылықтың тым өрескелдігі мен бұзақылық әрекеттердің әдепсіздігінің нақты сипаты айыптау актісінде және үкімде міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы N 1 «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтарды саралау туралы» Нормативтік қаулысының 15 бабына сәйкес бұзақылықтан туындаған адам өлтіруді және өзара жек көру қатынасы негізінде, ұрыс-керіс немесе төбелес кезінде жасалған адам өлтіруді ажырату қажет. Осы мәселені шешкен кезде кінәлі мен жәбірленушінің өзара қатынасын, жанжалдың негізін және себебін анықтау және ескеру, кімнің оны бастағанын, екеуінің әрекетінің белсенділігі мен сипатын және басқа да мән-жайларды анықтау қажет. Егер, адам өлтіру денсаулыққа ауыр немесе орташа зиян келтіру, қызғаныш, кек алу, бас араздығы және өзара қатынастар негізінде пайда болған ниеттерден немесе ұрыс-керіс немесе төбелеске бастамашы болған жәбірленушінің заңға қарсы мінез-құлығынан туындаса, ол қоғамдық орындарда немесе басқа адамдардың қатысуымен жасалынғаны үшін ғана бұзақылық ниетпен жасалды деп қаралмайды делінген.

Сотталушы А.Сағынбектің жәбірленуші К.Қадырға қасақана түрде дене жарақатын келтіру барысында, не одан кейінде, оның тарапынан қоғамдық тәртіпті көрінеу өрескел бұзумен және қоғамды көрінеу құрметтемеумен ұштасқан әрекеттер, яғни бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздығымен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан әрекеттер орын алмаған. Онымен қоса, сотталушы А.Сағынбектің тарапынан қоғамдық тәртіпті бұзушылықтың тым өрескелдігі мен бұзақылық әрекеттердің әдепсіздігінің нақты сипаты айыптау актісінде көрсетілмеген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сот сотталушы А.Сағынбектің әрекеттерінде бұзақылық белгілері жоқ деген тұжырымға келіп, оның әрекеттерін ҚР ҚК-нің 108-1 бабының 1-бөлігімен дәрежелейді, себебі ол денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтірген.

Сотталушыға жазаның түрі мен мөлшерін тағайындағанда, сот, оның кінәсін мойындап шын жүректен өкінгенін, оқу орнынан жақсы мінезделетінін, бұрын сотты болмағанын, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде ескереді.

Ал жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар сотпен анықталған жоқ.

Сотталушы А.Сағынбекке 2026 жылдың 13 ақпанынан «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасы қолданылған.

Демек, ол үкім шығарған күнге дейін 81 күн қамауда отыр.

ҚР ҚПК-нің 393-бабы 6-бөлігіне сәйкес сот, егер үкім шығару кезінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 62-бабында белгіленген алдын ала қамауға алуды есепке жатқызу қағидаларын ескере отырып, осы іс бойынша сотталушының күзетілуде болу уақыты сот тағайындаған жазаны



қамтыған жағдайларда, айыптау үкімін жазаны тағайындап және одан босата отырып шығарады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі N 4 «Сот үкімі туралы» Нормативтік қаулысының 8 бабына сәйкес егер сот отырысында заңда көзделген мән-жайлар, атап айтқанда: ҚК-нің [62-бабында](#) белгіленген есепке алу қағидаларын ескере отырып, осы іс бойынша сотталушының қамауда болған уақыты сот тағайындаған жазаны сіңірсе, онда ҚПК-нің [393-бабының](#) алтыншы бөлігіне сәйкес айыптау үкімімен қылмыстық жаза тағайындалып және оны өтеуден босатылады.

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 62-бабының 3-1 бөлігіне сәйкес үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстау уақыты қамаққа алу түріндегі жазаны өтеудің бір күні бір күн есебімен жаза мерзіміне есепке жатқызылады.

ҚР ҚК-нің 108-1 бабы 1 бөлігінің санкциясы бойынша елу тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алу жазасы көзделген.

ҚР ҚК-нің 55 бабы 2 бөлігі 1 тармағына сәйкес жасалған қылмыс белгісі ретінде көзделмеген жеңілдететін мән-жай болған және ауырлататын мән-жайлар болмаған кезде, жазаның негізгі түрінің мерзімін немесе мөлшерін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабында көзделген ең жоғары мерзімінің немесе мөлшердің қылмыстық теріс қылық жасаған кезде жартысынан асыруға болмайды.

Сондықтан, сотталушы А.А.Сағынбекке тағайындалатын қамаққа алу жазасының мерзімі 25 күннен аспауы тиіс.

ҚР ҚПК-нің 38 бабы 1 бөлігіне сәйкес адамға заңсыз күзетпен ұстаудың салдарынан келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсі бар-жоғына қарамастан, толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі. Қылмыстық процесті жүргізетін органның тиісті заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге жасаған іс-әрекетінің саралануы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің оны жасағаны үшін күдік келтіру немесе айыптау кезінде осы Кодексте ұстап алуға немесе күзетпен ұстауға жол берілмейтін неғұрлым жеңіл қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылықты көздейтін бабына өзгертілген не осы бап бойынша неғұрлым жеңіл жана жаза тағайындалған немесе үкімнен айыптау бөлігі алып тасталған және осыған байланысты жазасы төмендетілген жағдайларда қамаққа алуға сотталған күзетпен ұсталған адамның құқығы бар. Қамаққа алудың немесе бас бостандығынан айырудың нақты өтелген мерзімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің кінәлі адам жасаған іс-әрекеті жанадан сараланған бабында көзделген қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның ең жоғары мөлшерінен асатын бөлігінде заңсыз өтелген болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандай, сотталушы А.Сағынбек 81 күн күзетпен ұсталуда, яғни ол 56 күн заңсыз қамауда отырғаны орын алды.

Сол себепті, сотталушы А.Сағынбекке қылмыстық процесті жүргізетін органның тиісті заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу құқығы танылуға жатады.



Сот, жәбірленуші К.Қадырдың сотталушыдан 1 550 000 тенге материалдық және 5 000 000 тенге моральдық шығынды өндіру жөніндегі азаматтық талабы жартылай қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

ҚР ҚПК-тің 166-бабы 1-бөлігіне сәйкес қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс әрекетімен келтірілген мүліктік және моральдық зиянды өтеу туралы, сондай-ақ жәбірленушіні жерлеуге, емдеуге кеткен шығындарды, оған сақтандыру өтемі, жәрдемақы немесе зейнетақы ретінде төленген сомаларды, сондай-ақ өкілдік етуге жұмсалған шығыстарға қоса, анықтау, алдын ала тергеу ісін жүргізуге және сотқа қатысуға байланысты шеккен шығыстарды өтеу туралы азаматтық талап қоюлары қаралады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы «Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» Нормативтік қаулысының 11 бабында көрсетілгендей, ҚПК-нің 166-бабына сәйкес, басты сот талқылауы барысында қылмыстық іспен қоса есі дұрыс емес адамның тікелей қылмыстық құқық бұзушылығымен немесе қоғамға қауіпті әрекетімен келтірілген зиянды өтеу туралы талаптардың да қаралатынын назарда ұстаған жөн. Қылмыстық іс бойынша анықталған мән жайлардан туындайтын басқа азаматтық талаптар, егер олар жерлеуге, зардап шеккен адамды емдеуге кеткен шығыстарды, оның өзінің және өкілінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісіне және сотқа қатысуына байланысты шыққан шығыстарды өтеу мақсатында қойылса, қылмыстық іспен қоса бір өндірісте қаралуға жатады.

Азаматтық талапта көрсетілген 600 000 тенге тамақтану, тасымал, тұрмыстық шығындар; 520 000 тенге тұрғын үй жалдауы; 350 000 тенге жоғалған табыстар қанағаттандырусыз қалдыруға жатады, себебі бұл шығын қылмыстық іспен бірге бір өндірісте қаралуға жатпайды.

Ал, 480 000 тенге жалпы медициналық шығындар толық түбіртектермен расталмайды. Азаматтық талапта көрсетілгендей, оның 100 964 тенгесі түбіртектермен расталады. Бұл түбіртектерді зерделеу барысында, бұл шығын нақты қандай дәрі дәрмек, не қандай медициналық тексеріс жүргізу үшін төленгені белгісіз. Оның үстіне, жәбірленуші К.Қадыр сот мәжілісінде мүліктік шығын ретінде сотталушыдан 400 000 тенге алғанын растады. Жәбірленуші К.Қадырдың тарапынан бұл алған соммадан, яғни 400 000 тенгеден асатын қылмыспен келтірілген шығынды растайтын нақты дәлелдемелер сотқа ұсынылмады.

Сондықтан, жәбірленушінің 1 550 000 тенге мүліктік зиянды өндіру жөніндегі талабы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

Моральдық зиянды өтеу жөніндегі сұрақты шешкен кезде сот мынадай тұжырымға келеді.

«Соттардың моральдық зиянды өтеу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысының 3-тармағына сәйкес моральдық зиян деп азаматтың өзіне тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың заңға қайшы бұзылуының,



кемсітілуінің немесе олардан айырылуының нәтижесінде туындаған жан және тән азабын түсіну қажет.

Сотталушы А.Сағынбектің заңсыз әрекеттерімен жәбірленуші К.Қадырға тән азабы, яғни оның денсаулығына жеңіл дәрежедегі зиян келтірілгенін ескеріп, сот жәбірленушінің моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық талабын жартылай негізді деп есептейді.

Аталған нормативтік қаулының 7,8-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 952-бабының талаптары бойыша моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Осы ретте сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды.

Сот моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде іс материалдарымен бекітілген басқа да мән - жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылыққа тартылатын адамның отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

Сот, сотталушыдан жәбірленушіге 500 000 тенге моральдық зиянды өндіру қажет деп санайды. Себебі, бұл әділ және жеткілікті, оның көлемі жәбірленушінің жеке мүліктік емес құқықтарының бұзылу мән-жайлары, сотталушының материалдық жағдайы, яғни оның еш жерде жұмыс істемейтіні, студент екені ескеріле отырып, белгіленді.

Сонымен қатар, ҚР ҚК-нің 98-1,98-2 баптарына сәйкес А.Сағынбектен жәбірленушілерге өтемақы қорының пайдасына 5 айлық есептік көрсеткіш, яғни 18360 тенге мәжбүрлі төлем өндірілуге жатады.

## **ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасы ҚПК-нің 387-389, 393-394, 395-400-баптарын басшылыққа алып, сот

### **Ү К І М Е Т Т І :**

Сағынбек Абзал Асқарұлы Қазақстан Республикасы ҚК-нің 108-1-бабының 1-бөлігінде көрсетілген қылмыстық теріс қылық жасауда кінәлі деп танылсын, оған 25 /жиырма бес/ тәулік мерзімге қамаққа алу жазасы тағайындалсын және жазаны толық өтеуіне байланысты жазадан босатылсын.

Сағынбек Абзал Асқарұлына қолданған «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасы - жойылсын, ол дереу қамаудан босатылсын.

Сағынбек Абзал Асқарұлының қылмыстық процесті жүргізетін органның тиісті заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу құқығы танылсын.

Сотталған Сағынбек Абзал Асқарұлынан Қазақстан Республикасының Жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлем - 21 625 (жиырма бір мың алтыжүз жиырма бес) тенге өндірілсін.

Сағынбек Абзал Асқарұлынан мемлекет пайдасына сараптама жүргізуге жұмсалған 840 (сегізжүз қырық) тенге сот шығындары өндірілсін.

Жәбірленуші К.Қадырдың азаматтық талабы жартылай қанағаттандырылсын.



Сағынбек Абзал Асқарұлынан Қадыр Кенжехан Алмасханұлының пайдасына - 500000 (бес жүз мың ) тенге моральдық залал және мемлекет пайдасына 2162 (екі мың біржүз алпыс екі) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жәбірленуші К.Қадырдың мүліктік зиянды өндіру азаматтық талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сағынбек Абзал Асқарұлына азаматтық талапты өз еркімен өндіру үшін бір айлық мерзім берілсін.

Үкімге разы емес жақтар оған ол жарияланған уақыттан бастап 15 тәулік ішінде Алматы қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Алмалы аудандық соты арқылы апелляциялық шағым немесе өтінім келтіруге құқылы.

Судья

Дарханова К.Д.

